

Қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 3 мамырдағы N 125

1. Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары әкімдерінің ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік резервтен:

Ақмола облысына - 17 мың тонна;

Солтүстік Қазақстан облысына - 15 мың тонна дизельдік отын бөлу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті жоғарыда көрсетілген мақсатқа мемлекеттік резервтен жаңалау тәртібімен, оны 1997 жылдың 1 тамызына дейін мемлекеттік резервке қайтару және Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстары әкімдерінің кепілдікті міндеттемесімен тауар несиесін пайдалану кезеңі үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы бойынша республикалық бюджеттің кірісіне проценттер төлеу шартымен 32 мың тонна дизель отынын босатсын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ж.С.Кәрібжановқа жүктелсін.

Премьер-Министр